



Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы жазасын одан әрі өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды беру туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 28 сәуір N 43-II

Киевте 1999 жылғы 17 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы жазасын одан әрі өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды беру туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы бас
бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазасын одан
әрі өтеу үшін беру туралы шартты бекіту туралы

1999 жылғы 17 қыркүйекте Киев қаласында жасалған Қазақстан
Республикасы мен Украина арасындағы бас бостандығынан айыруға сотталған
адамдарды жазасын одан әрі өтеу үшін беру туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Украина
арасындағы жазасын одан әрі өтеу үшін бас
бостандығынан айыруға сотталған
адамдарды беру туралы
ШАРТ

(2000 жылғы 21 шілдеде күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары
бюллетені, 2001 ж., N 5, 48-құжат)

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы

мен Украина,

мемлекеттік егемендік, тең құқықтық және өзара сыйластық принциптерін негізге ала отырып,

халықаралық құқықтық нормаларға сүйене және қылмыстық құқық саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықты дамытуға ынта білдіре отырып,

сottalғандардың олар азаматтары болып табылатын мемлекетте жазасын өтеуі жазаның орындалу мақсатына анағұрлым тиімдірек қол жеткізуге құқық бұзушылардың қоғамда қалыпты өмір сұруге қайтып оралуына ықпал ететіндігін ескере отырып,

ізгілік пен адам құқықтарын сыйлау принциптерін басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

1. Осы Шарттың мақсаттарына жету үшін, төменде аталған терминдер мынаны білдіреді:

- 1) "Үкім шығарушы мемлекет" - сот адамды бас бостандығынан айыру түрінде соттау жөнінде үкімін шығарған Уағдаласуыш Тарап;
 - 2) "Үкімді орындаушы мемлекет" - бас бостандығынан айыруға сотталған және оның азаматы болып табылатын адам жазасын өтеу үшін берілетін Уағдаласуыш Тарап ;
 - 3) "Сотталушы" - Уағдаласуыш Тараптардың бірінің сотымен қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру түрінде сотталған адам;
 - 4) "Жақын туысқандар" - туыстық қатынаста тұратын адамдар - Қазақстан Республикасы үшін: ата-анасы, жұбайы (зайыбы), балалары; асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек әкесі немесе анасы ортақ ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілер, атасы, әжесі, немерелері;
- Украина үшін: анасы, әкесі, ері, әйелі, балалары, туған аға-інілілер мен апа-қарындастар, немерелері, атасы мен әжесі, асырап алушылар, асырап алынғандар;
- 5) "Кұзыретті органдар" - жазаны орындайтын Уағдаласуыш Тараптардың

органдары;

6) "Орталық органдар":

Қазақстан Республикасы үшін - жазасын одан әрі өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды Қазақстан Республикасының ұлттық зандарына сәйкес беру туралы шешімдер қабылдайтын мемлекеттік орган;

Украина үшін - Украина Әділет министрлігі.

2. Осы Шартты орындау мәселелері жөнінде Уағдаласушы Тараптардың

құзыретті органдары бір-бірімен орталық органдар арқылы байланысады.

2-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Шарттың шарттарына сәйкес үкімді шығаруши мемлекеттің аумағында істеген қылмыс-жасағаны үшін бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан және басқа Уағдаласушы Тараптың азаматтығы бар сотталушыларды бір-біріне сұрау салуы бойынша үкімді орындаушы мемлекетке жазасын өтеу үшін беруге міндеттенеді.

3-бап

1. Осы Шартқа сәйкес сотталған адам тек қана мына жағдайларда берілуі мүмкін:

- 1) егер осы адам үкімді орындаушы мемлекеттің азаматы болса;
- 2) егер үкім занды күшіне енсе;

3) егер беру туралы сұрау салу алынған сәтінде сотталушы әлі алты айдан кем емес мерзімде жазасын өтеуге тиіс болса;

4) егер сотталған адам беруге келіссе немесе оның жасын немесе денелік немесе психикалық жағдайын ескере отырып, Уағдаласушы Тараптардың бірі немесе сотталған адамның жақын туыстары немесе занды өкілі осыны қажет деп есептесе;

5) егер үкім шығарылған әрекет үкімді орындаушы мемлекеттің зандарына сәйкес қылмыс болып табылса;

6) егер қылмыспен келтірілген материалдық залал қайтарылса;

7) егер үкімді шығаруши мемлекет пен үкімді орындаушы мемлекет сотталған адамды беруге келіссе.

2. Берудің мүмкіндігі мен оның занды салдарлары туралы сотталушыға не оның

занды өкіліне үкім шығаруышы мемлекеттің қылмыстық-атқару жүйесі басқармасы органдарының лауазымды адамдары түсіндіруге тиіс.

3. Ерекше жағдайларда Уағдаласуышы Тараптардың сотталған адамды беруге, тіпті егер оған жазалау шарасын өтеуге алты айдан кем қалғанның немесе егер қылмыспен келтірілген материалдық залал толық көлемінде қайтарылмағаның өзінде келісуі мүмкін.

4-бап

Егер:

- 1) осы мемлекеттің зандары бойынша қылмыстық құғындау мерзімінің ескіруі салдарынан үкімді орындаушы мемлекеттің аумағында жазаның орындалуы мүмкін болмаса;
- 2) сұрау салған Уағдаласуышы Тарап осы Шарттың 7-бабының талаптарын тиісті түрде орында маса;
- 3) үкімді орындаушы мемлекеттің аумағында жасалған әрекеті үшін ол жазаға тартылса немесе ақталса не іс тоқталса, сол сияқты егер адамды осы мемлекеттің құзыретті органы босатса сотталушыны беру жүзеге асырылмайды.

5-бап

Уағдаласуышы Тараптар өздеріне мынадай міндеттемелерді алады:

- 1) басқа Уағдаласуышы Тараптың азаматтарын бас бостандығынан айыруға соттау, сондай-ақ түрған жері туралы бір-біріне орталық органдар арқылы жазбаша хабардар етуге;
- 2) сотталушыларға, олардың занды өкілдеріне немесе жақын туыстарына олар азаматтары болып табылатын мемлекетке беру туралы өтінішпен Уағдаласуышы

Тараптардың қайсысының болса да құзыретті органдарына жүгінүін нақты қамтамасыз етуге және түсіндіруге.

6-бап

1. Егер сотталушы азаматы болып табылатын Уағдаласуши Тарап осы Шарттың жағдайларын сақтай отырып үкімді орындау үшін оны қабылдауға келіссе, сот үкімін шығарған Уағдаласуши Тараптың ұсынысы бойынша сотталушыны жазасын өтеу үшін беру жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Сотталушы азаматы болып табылатын Уағдаласуши Тарап сот үкімін шығарған Уағдаласуши Тарапқа сотталушыны беру мүмкіндігі туралы мәселені қарау жөнінде өтінішпен жүгіне алады.

7-бап

1. Сотталушыны беру туралы сұрау салу жазбаша нысанда жасалады және оған үкім шыгаруши мемлекеттің құзыретті органы:

- 1) сотталушының жеке басы туралы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен туған жері);
- 2) сотталушының азаматтығын куәландыратын құжатты;
- 3) адам соның негізінде сотталған қылмыстық заң баптарының мәтіні;
- 4) сотталушының немесе осы Шарттың 3-бабының 1-тармағының "4" тармақшасында көзделген жағдайларда, оның жақын туыстары немесе оның занды өкілінің беруге келісуі туралы жазбаша өтініші;
- 5) үкімнің және жоғары сот органдарының қолда бар істер жөніндегі

шешімдерінің үкімнің занды күшіне енгені туралы құжаттардың көшірмелері;

- 6) жазаның өтелген бөлігі және жазаның одан әрі өтеуге жататын бөлігі туралы құжатты;
- 7) егер ол тағайындалған болса қосымша жазаның орындалуы туралы құжатты;
- 8) сотталушының денсаулығының жағдайы туралы медициналық қорытындыны және тәртібі туралы мәліметтерді;
- 9) материалдық залалдың бар екендігі және оны қайтарудың тәртібі туралы мәліметтерді қоса береді;
- 10) басқа құжаттар көшірмелерінің құзыретті органдардың тек өзара келісуі бойынша ғана қоса берілуі мүмкін.

2. Жоғарыда аталған барлық құжаттарға қол қойылуға және елтаңбалы мөрмен расталуға тиіс.

8-бап

1. Үкім шығаруши мемлекет осы Шарттың 3-бабының 1-тармағының "4" тармақшасына сәйкес беруге келісім беретін адам оны ерікті түрде және осындай келісім берудің құқықтық салдарын толық түсінушілікпен жасауын қамтамасыз етеді.
2. Үкім шығаруши мемлекет үкімді орындаушы мемлекетке сотталушының беруге келісімі осы баптың 1-тармағына сәйкес алынғанын ресми тұлғаның қомегімен тексеруге мүмкіндік береді.

9-бап

1. Осы Шарттың 7-бабының 1-тармағында аталған құжаттар алынған күнінен бастап қырық күннен кешіктірмей Уағдаласуши Тарап келіп түскен сұрау салу бойынша беруге келісу немесе бас тарту туралы шешімді қабылдайды. Қабылданған шешім туралы сұрау салу жіберілген адамға немесе беру туралы өтінішпен жүгінген адамға жазбаша нысанда хабарланады.

2. Сотталушыны беруден бас тарту туралы шешім дәлелді болуға тиіс.

10-бап

Сотталушины берудің орнын, уақыты мен тәртібін Уағдаласуши Тараптардың құзыретті органдары белгілейді.

11-бап

Үкімді шығарушы мемлекеттің аумағында пайда болған шығыстардан басқа, сотталушины беруге байланысты шығыстарды орындаушы мемлекет көтереді.

12-бап

1. Өзінің ұлттық зандарын басшылыққа ала отырып, үкімді орындаушы мемлекет үкімнің толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге міндettі.
2. Үкімді орындаушы мемлекет сотының жағдайын нашарлатпай өзінің зандарына сәйкес жазаны өтеудің одан әрі жалғастырылуын қамтамасыз етеді. Басқа Уағдаласуши Тараптың үкімді орындауына байланысты мәселелер Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысының зандары бойынша белгіленеді.
3. Сотталушиға тағайындалған жаза үкім шығарушы мемлекет соты үкімнің негізінде өтеледі. Үкімді орындаушы мемлекеттің соты шығарылған үкімді негізге ала отырып, оның орындалуы туралы шешім қабылдайды.
4. Егер үкімді орындаушы мемлекеттің зандары бойынша сол әрекеті үшін бас бостандығынан айырудың шекті мерзімі үкіммен тағайындалған мерзімнен кем болса, үкімді орындаушы мемлекеттің соты осы мемлекеттің зандарымен көзделген бас бостандығынан айырудың ең жоғары мерзімін белгілейді.
5. Егер үкім екі немесе одан да көп әрекеттерге қатысты болса, оның ішінде бір немесе бірнешеуі үкімді орындаушы мемлекетте қылмыс болып танылмаса, осы мемлекеттің соты жазаның қай бөлігі қылмыс болып табылатын

әрекетті анықтайды.

6. Егер жасалған әрекет үшін осындай жаза осы мемлекеттің зандарымен көзделсе, үкімді орындаушы мемлекеттің соты қосымша жазаның орындалуы туралы шешімді қабылдайды.

13-бап

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы берілген сottалушыға кешірім немесе рақымшылық етуді қолдануға құқылы.

14-бап

Берілген сottалушыға қатысты үкімнің дәлелділік бөлігін қайта қаруға тек үкімді шығарушы мемлекет қана құқылы.

15-бап

1. Үкім қайта қаралатын жағдайда оны шығарушы мемлекет үкімді орындаушы мемлекетке үкімнің күші жойылғаны немесе өзгертілгені туралы сот шешімінің куәландырылған көшірмесін жібереді.

2. Егер сottалушы жазасын өтеу үшін берілгеннен кейін үкім шығарушы мемлекетте үкімнің күші жойылса және жаңадан тергеу немесе сот талқылауы көзделсе, бұл туралы шешімнің көшірмесі, қылмыстық іс материалдары және сottалушының жоқ кезінде мүмкін болған қажетті іс жүргізу әрекеттерінің нәтижелері жөнінде басқа да материалдар қылмыстық істің орыс тіліне аударылған барлық материалдарымен осы мемлекеттің зандары бойынша қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін үкімді орындаушы мемлекетке жіберіледі.

3. Ақтау негіздеріндегі қосымша тергеу нәтижелері бойынша қылмыстық іс тоқтатылған немесе соттың ақтау үкімі шығарылған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке дәлелсіз тарту арқылы адамға келтірілген залалды аумағында қылмыс жасалған мемлекет өтейді.

4. Егер сottалушыны жазасын өтеу үшін берілгеннен кейін үкімді шығарушы мемлекет үкімді өзгертсе, бұл жөніндегі шешімнің көшірмесі және басқа да қажетті құжаттар үкімді орындаушы мемлекеттің құзыретті органына жіберіледі. Үкімді орындаушы мемлекеттің соты осындай шешімнің орындалуы туралы мәселені осы Шарттың 12-бабында көзделген тәртіппен шешеді.

16-бап

1. Жазасын өтеу үшін үкімді орындаушы мемлекетке берілген адамға қатысты осы мемлекеттің аумағында сондай әрекет жасағаны үшін сотталған адамдарға да қатысты сотталудың құқықтық салдары пайда болады.

2. Басқа Уағдаласуши Тараптың құзыретті соты шығарған үкімді орындау үшін берілген адам нақ сондай әрекеттері үшін соған байланысты заңды күшіне енген үкім шығарылған болса үкімді орындаушы мемлекеттің аумағында қылмыстық жауапкершілікке қайтадан тартыла алмайды.

17-бап

1. Егер басқа Уағдаласуши Тарап осындай өтінішпен жүгінсе және егер жүгінген Уағдаласуши Тарап үшінші мемлекетпен оның аумағында немесе оның аумағынан осындай адамды беру туралы уағдаласса, бір Уағдаласуши Тарап өзі жүгінген заңдарына сәйкес өзінің аумағында сотталушыны транзиттік

тасымалдау туралы өтінішті қанағаттандыра алады.

2. Сотталған адамды транзиттік тасымалдауға байланысты шығыстарды осындай тасымалдау туралы өтініш жасаған Уағдаласуши Тарап көтереді.

18-бап

Осы Шартты қолдану кезінде пайда болған мәселелерді Уағдаласуши Тараптардың орталық органдары шешеді.

19-бап

1. Осы Шартты орындау кезінде Уағдаласушы Тараптар өздерінің мемлекеттік тілдерінен пайдаланады.
2. Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттік тілдерінде жасалған құжаттарға орыс тіліндегі расталған аудармалар қоса беріледі.

20-бап

Осы Шарттың ережелері Уағдаласушы Тараптардың олар қатысуышылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындейтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

21-бап

Осы Шарт күшіне енгенге дейін осы Шарттың күші Уағдаласушы Тараптардың соттарымен сотталған адамдарға да қолданылады.

22-бап

1. Осы Шарт бекітуге жатады және бекіту туралы жазбаша нысандағы

хабарлама алынған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

2. Шарт белгіленбекен уақытқа жасалады.
3. Осы Шарттың күші Уағдаласушы Тараптардың бірі басқа Уағдаласушы Тараптан оның күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаны алған сәтінен бастап алты ай өткеннен кейін тоқтатылады.

Киев қаласында 1999 жылғы 17 қыркүйекте қазақ, украин және орыс тілдерінде екі данада жасалады және де барлық мәтіндерінің күші бірдей.

Осы Шарттың мәтінін түсіндіру кезінде пікір қайшылықтары пайда болған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тілінде баяндалған мәтінге жүгінетін

болады.

Қазақстан Республикасы

үшін

Украина

үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК